

Мұнайлы аудандық ономастикалық жұмыс тобының

ХАТТАМАСЫ

Мұнайлы ауданы

№2

2025 жыл 25 тамыз

Төраға: Мұнайлы ауданы әкімінің орынбасары Н.Мұстафаев
Қатысушылар: Жұмыс тобының мүшелері (тізім бойынша)

КҮН ТӘРТІБІ

1. Мұнайлы ауданына қарасты Маңғыстау және Баянды ауылдарына атаусыз көшелерге атау беру туралы

(Н.Мұстафаев, жұмыс тобы мүшелері)

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Маңғыстау ауылы және Баянды ауылы әкімдігімен жергілікті қоғамдастық мүшелерінің бірлесіп өткізген жиналысының хаттамасы, қоса берілген ұсыныстар қаралды. Ономастика жұмыс тобының төрағасы **Н. Мұстафаев** және жұмыс тобы мүшелері Мұнайлы ауданына қарасты Маңғыстау, Баянды ауылдарындағы атаусыз көшелерге жаңа атау беру мәселесін қарады. **Н.Мұстафаев** жергілікті тұрғындармен қоғамдастық мүшелері арасында аталған мәселе талқыланып, ашық дауыс беру арқылы бір ауыздан қолдау тапқандығын атап өтті.

Тарихшы, ардагер ұстаз **Қ.Егізқараев** ҰОС ардагерлерінің есімдерін көшелерге беру- олардың өткен тарихты ұмытпай болашаққа аманаттау сөз Бұл ұсыныс елдік сананы артыратындығын атап өтті.

Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, ардагер, ұстаз **Т.Нияз** ардагерлердің есімін көшелерге беру- тек құрмет қана емес, сонымен қатар ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеудің бір жолы екенін атап өтті.Бұл- ерлікке тағзым.

Жұмыс тобының мүшесі **Р.Шамуханов** ардагерлердің есімін көшелерге беру-олардың ерлігімен ұрпаққа жадында мәңгі қалдырудың жарқын үлгісі. Бұл қадам ел тарихына деген құрметті арттырып патриоттық тәрбиеге және отан сүйгіштікке бір жолы екенін атап өтті. Бұл – ерлікке тағзым.

Жұмыс тобының мүшесі «Аманат» партиясы Мұнайлы аудандық филиалының төрағасы **А.Ахмедов** ҰОС ардагерлерінің атын көшелерге беру өскелең ұрпаққа тағылыммен тәрбие беретін, ел тарихына деген құрметтің айғағы екенін айтты. Оның пікірінше бұл бастама – Мұнайлы өңірінің ардақты перзенттерін ұмытпау оларды мәңгі есте қалдырудың бір жолы.Ардагер есімдерін көшелерге беру арқылы ұлттық жадымызды жаңғыртып, ұрпақ санасына отансүйгіштік пен тарихи сабақтастықты сіңіруге болады.

Ономастикалық жұмыс тобының мүшелері күн тәртібіндегі мәселені талқылай келе, мынадай қортындыға келді:


1 Жергілікті қоғамдастық жиналыстарына ұсынылған, Мұнайлы ауданы бойынша төмендегі Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің есімдерін көшелерге беру жөніндегі ұсыныс ономастикалық жұмыс тобы тарапынан толығымен қолдау тапты:

Маңғыстау ауылындағы атаусыз көшеге Ұлы Отан соғысы ардагері Құтыш Манатовтың есімін беру;

Баянды ауылындағы атаусыз көшеге Ұлы Отан соғысы ардагері Утаев Абдулланың есімін беру;

2. Жұмыс тобының мүшелерінің шешімі аудандық маслихат қарауына ұсынылсын.

Төраға:



Н.Мұстафаев

Хатшы:



Г.Махамбетова